



ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№14 (460) 18 қазан 2018 жыл

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

КЕЛЕШЕК ТІЗГІНІ —
БІЛІМДІ, САУАТТЫ ҰРПАҚ
ҚОЛЫНДА!

Олардың арасында инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, оқыту әдістемелерін жаңғырту, елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ.

2 БЕТТЕ

ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР ӨТТІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінде айтылғандай: «Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

2 БЕТТЕ

БІЛІМ БЕРУЕ ҚАТЫСТЫ ПАРАДИГМАЛАР

Осының бәрін, Елбасы биылғы жылғы халыққа Жолдауында айтқандай, яғни алда тұрған биік мақсаттарды жүзеге асыратын да, әрі бүгінгі таңда қол жеткізілген игіліктердің жасасушысы да өзіне міндеттелген істі тап-тұйнақтай өтіп бітіріп жүрген ар-ұяты мен ісмерлігі керім жұмысшы, инженер, құрылысшы, оператор, т.с.с. Бұлардың ғана емес, бүкіл Қазақстан халқының тынымсыз еңбегінсіз Отанымыздың көркейіп, өркендеуін көз алдымызға елестету өте қиын.

3 БЕТТЕ

АУЫРА ҚАЛСАҢЫЗ, БІЛІКТІ ДӘРІГЕРГЕ КӨРІНІҢІЗ

Студенттерді қасымызда ертіп жүріп теориямен практиканы ұштастырмасақ олардан ертең қандай білікті маман шығады. Конфуцийдің айтқан сөзі бар «Оқысаң есіңнен шығып кетеді, көрсетсең есіңде қалады, өзін жасасаң үйренесің» деген. Тікелей осы үшеуін игермесе маман болып шыға алмайды. Ал тәжірибе жинақтау университет қабырғасынан бастау алуы қажет. Осы жағынан біраз кемшіліктер болып тұр. Дәл қазіргі таңда он шақты студент қолдары бос уақытта ауруханада дәрігерлердің қасында жүреді. Осылардан болашақта білікті мамандар шығады.

5 БЕТТЕ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
2018 ЖЫЛҒЫ 5 ҚАЗАН

Құрметті қазақстандықтар!

Әл-ауқатымыздың екінші бір сипаты – өмір сүру деңгейінің артуы.

Білім берудің, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелері әрбір қазақстандық отбасына қатысты.

Осыған орай, Үкімет әлеуметтік секторға, қауіпсіздік пен инфрақұрылымға мән бере отырып, бюджет шығыстарының басымдықтарын қайта қарауға тиіс.

БІРІНШІ. 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажет.

Қаржыландыруды халыққа қызмет көрсету сапасын елеулі түрде арттыруды қамтамасыз ететін тиісті реформаларды жүзеге асыру үшін бағыттау керек.

ЕКІНШІ. Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек.

Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады.

Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуға.

Бұл салада біліктілік талаптарын, оқыту әдісін, тәрбиешілердің және балабақшадағы басқа да қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін қайта қарау қажет.

Білім және ғылым министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, биыл тиісті «Жол картасын» әзірлеуі керек.

ҮШІНШІ. Орта білім беру жүйесінде негізгі тәсілдер белгіленген, қазіргі кезеңде солардың орындалуына баса назар аударған жөн.

Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуға тиіс. Бұл мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңі болады.

Білім сапасын бағалау жүйесі халықаралық стандарттарға



негізделуге тиіс. Орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби диагностика жүргізу маңызды.

Бұл оқытудың жеке бағдарын жасауға және оқушы мен мұғалімнің оқу жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

Балалар қауіпсіздігінің маңыздылығын ескеріп, бүкіл мектептер мен балабақшаларды бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етуді, мектеп психологтарының жұмысын күшейтуді және басқа да дәйекті шараларды жүзеге асыруды тапсырамын.

Білім алудың қолжетімділігін арттыру мақсатымен оқушыларға орын жетіспейтіні, мектептердің үш ауысымда оқыту және апат жағдайында болу проблемалары мейлінше сезіліп отырған өңірлер үшін Үкіметке 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттен қосымша 50 миллиард теңге қарастыруды тапсырамын.

ТӨРТІНШІ. Келесі жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет деп санаймын. Бұл құжат мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті

қарастырып, жүктемені азайтуға, жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалауға тиіс.

БЕСІНШІ. Жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі.

Біз гранттардың санын көбейттік, енді жауапкершіліктің кезеңі келді.

Жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы.

Жоғары оқу орындарын ірілендіру саясатын жүргізу қажет.

Нарықта жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететіндері ғана қалуға тиіс. Назарбаев Университетінің тәжірибесіне сүйеніп, үздік шетелдік топ-менеджерлерді жұмысқа тарту арқылы өлемнің жетекші университеттерімен әріптестік орнату маңызды.

Қазіргі білім инфрақұрылымының базасында Назарбаев Университетінің үлгісімен өңірлік жаңа жоғары оқу орнын құру қажет деп санаймын.

(Қысқартылып алынды)

СЕМИНАР

МАҚСАТ АЙҚЫН, МЕЖЕ БЕЛГІЛІ

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыруды насихаттау мақсатында ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының өкілдері университетімізге ат басын бұрды. Жиынды Түркістан облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Б.Тәжібаев жүргізіп отырды. Сарапшы мамандар А.Серікқызы, Б.Нұрмаханбетов, Ә.Назарбекова кіріспе сөз сөйлеп, жолдаудағы негізгі бағыттарына тоқталып өтті.

Басқосуға білім ордамыздың журналистика, әлеуметтану мамандығының студенттері мен профессор-оқытушылар қатысты. ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының мамандары мен сарапшылары жолдаудағы негізгі бағыттар жөнінде өзіндік ойларын ортаға салды.

Президентіміз Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауының ерекшелігіне тоқталды. Әлеуметтану ғылымдарының докторы О.Нұсқабаев баяндама жасады. Содан кейін сарапшылар «Ақпараттық қоғам жағдайында күн тәртібін басқару тиімділігі» атты тренинг өткізді.

Ондағы мақсат, студент жастардың қазіргі қоғаммен байланыстарын арттыру, халықпен жұмыс жасау, мемлекеттік қызмет сапасының заман талабына сай қоғам сұранысына жауап бере алу жайы кеңінен өңімеленді. ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің басшысы Алуа Жолдыбалына өлемдік озық тәжірибелер арқылы слайдпен түсіндірді. Жиынға қатысушылар мол мәліметтер алып тастады.

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

ТҮРКІСТАНЫМ – МАҚТАНЫШЫМ!



Қасиетті қаламыз Түркістанды білмейтін адам кемде-кем шығар. Мағжан ақын жырға қосқан ер түркіктің бесігі Түркістан қаласы күннен күнге көркейіп келеді. Қаланың сәулетіне сәулет қосқан Қожа Ахмет Ясауи мавзолейі әлемнің түкпір-түкпірінен келетін туристердің назарын өзіне аударуда. Түркістанға дүние жүзінен адамдар ағылып келіп жатады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі XIV-XV ғасырлар аралығында Өмір Темірдің бұйрығымен салынған сәулет өнерінің тамаша бір үлгісі. Мен осындай қасиетті қалада туылғанымды мақтан етемін. Кез-келген адамға

мұндай бақ бұйыра бермейді. Жуырда ғана Елбасы жарлығымен Түркістан облысы орталығына айналды. Зәулім үйлер мен әсем ғимараттар салынууда. Билер мен ба-тырлар, хандар мен сұлтандар жерленген киелі қаламыздың басты білім ошағы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың атын иемденген университетіміз. Түбі бір түркі жұртының ба-сын біріктірген оқу ордасы – Түркістанның атын әлемге танытуда. Еліміз бен шетелерден кел-ген студенттер бір шаңырақ астында білім алу-дамыз.

Ақниет АБДУЛЛА
1-курс студенті

ЖОЛЫМ БОЛСА ЕКЕН...

Әлемдік сарапшылардың пікірінше, ең еңселі Кембридж университетін бітіргендердің 70 пайызы жұмыссыз екен. Бұл белді оқу ор-нын бітіргенмен, барлығы бармақтай баққа келіп тірелетінінің айғағы секілді.

Кейде жастар төнге тиыннан құралатынын да білмей жатамыз. Бірде Ақтөбе өңірінен апам мен жездем қонаққа келді. Кешқұрым жездеммен бірге ауылдың ауасымен тыныстамақ болып тысқа беттедік. Өңгіменің тізгінін алған жездем, мені таңқалдырған оқиғаны айтып берді. Маған ғажайып болып көрінген оқиға былай өрбиді.

АҚШ-тың Техас штатында бір жас жігіт жоғары оқу орнына түсе алмай, салы суға кеткен жас жігіт вокзалға барып билет алады да еліне қарай жүретін жүрдек поезды күтіп тұрады. Арқасында ауыр дорбасы бар, қалың ойдың жетегінде тұрған жігітті аңадай жердегі кафе үстелінде отырған қария байқап отырады. Біресе отырып, біресе әрілі-берілі жүрген ұзын бойлы, қара торы, өңділеу келген жігіттің жанына барып.

– Неге тұрсың қарағым? – деді қария.

– Оқуға ілінбей, ауылға жол тартып барамын – деп жауап қатады жас жігіт.

Жен сұраса келе жігіттің есімі Джек, ал ақсақал өзін Эдиссон деп таныстырады. Бұл кісі осы маңдағы шағын кафенің иесі екен. Қария жас жігіттің үлкен қалаға, мына жаңа заманға ұмтылысының мықты һәм жігерлі жалынды энергиясын байқап, бір ұсыныс жасайды. Қария Джеккі Техастағы жоғары оқу орнына түсіріп, өз

баласындай қамқорлығына ала бастайды. Ал жігіт демалыс күндері ақсақалдың қала сыртындағы саяжайына барып, қолғабыс етіп тұрады. Жазғы демалыс уақытында қаладағы кафесінде жұмыс істеп, нәпақасын табады. Қария Джек оқуын бітіріп, жұмысқа орналасқан кезде де, қызметте табысты болуына септігін тигізеді. Эдиссон күндердің күнінде төсек тартып жатып қалады. Ал баяғы жас жігіт белді, ауқатты адамға айнала бастаған кезі еді. “Бір әріп үйреткен адамға қырық жыл тағзым ет” демекші Джек қарияның мұншама қамқорлығынан кейін өз әкесіндей көреді. Ақтық сапарға аттанар алдында Эдис-сон Джеккі қолына бір хат беріп, маңдайынан сипап, о дүниелік болып кете барады. Ақсақалмен қоштасуға АҚШ-тың белді бизнесмендері мен атақты адамдары, саясаткерлері келеді. Кейін Джек қарияның саяжайын саябаққа айналдырып, ел игілігіне ұсынады.

Джекке ұсынған хатқа оралайық. Хатта «Шіркін, жолым болса ғой» деген тақырыппен, жас күнімде маған да бір қария көмек етіп, осы хатты беріп еді. Сен де дәстүрді бұзбағайсың” – деген аманаты бар екен, – деп жездем сөзін аяқтады. Осы бір тылсымға толы оқиға ойым-нан кетпей қойды. Бәрі де бармақтай баққа келіп тіреледі екен деп іштей түйіп қойдым.

Олжас ЖОЛДЫБАЕВ

ДАНАЛДЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ ҚИТАПТА!

Ұлы ойшыл Әл Жиназ: «Мен кітаптан артық қайырымды көршіні, одан әділ досты, одан артық көнбіс ұстазды, одан асқан дарынды жолсерікті білмеймін» - деген еді.

Кітап - ғасырлар үнін, тарихтың тамырын санаға сіңіретін ұлы күш, адамдарды рухани байланыстыратын буындардың бірі, өткеніңе үңіліп, болашағыңа нық қадам басуға шақыратын нұсқаушы. Кешегі қазақтан шыққан кемеңгер, қоғам зиялылары ұстаз тұтқан ұлылықтың шарықтау шыңы. Осы бабаларымыз мойындаған кітапты біздер неге жанымызға жақын тұтпаймыз. Түсіне алмаймын?! Осы сұрақ жаныма маза бермеген соң жауабын білмек болып жастар арасынан кішігірім сауалнама алуды жөн көрдім. Сауалнамаға жауап берген алғашқы студент өзінің мектептегі әліппе, тарих сынды кітаптарды оқығанын, қазіргі таңда университет оқытушыларының берген тапсырмаларын ғана оқытынын айтты. Жауабы көңіл қуантпаған соң келесі адам-нан сұрауға бекіндім. Ал бұл оқушы, сабақ та, кітап та оқымайтынын айтты. «Неліктен» дегенімде, «Қызығушылығым жоқ» деп қысқа қайырды. Біраз дүниені ой таразысынан өткізіп отырғанымда мына бір ой орала берді: Неліктен кітапты тек ақын – жазушы, сұрақтың жауабын тапқысы келіп жауабы ғана жазылған тұсын ғана оқытын студент қана оқуы керек? Сонда кітап сүйер жастар қайда қалды? Өзінің тарихын, әдебиетін һәм мәдениетін білмей, оқымай өскен ұрпақ кешегі Мағжандай ақынның «Мен жастарға сенемін» деген сенімін қалай ақтамақ. Біздің кешегі арда тұлғаларымыз бен адуынды шайырларымыздың еңбегін қалай насихаттамақ. Кешегі кітапты жата –жастана оқытын кітапқұмар жандар қайда қалды. Мүмкін кітап оқытын жастар саны дұрыс насихат болмағандықтан немесе сапасынан саны мың есе еселеніп тұрған кітаптардың көбеюінен азайған шығар. Не болса да кітап оқырмандарының саны күннен-күнге төмендеуде. Оған мына бір статистика дәлел. World Culture Score Index-тің статисти-касына сүйенсек, әлемде ең көп кітап оқытын ел Үнді халқы екен. Үнділердің 1 күнінің 10 сағат 42 минуты кітап оқумен өтеді, ал одан бір саты төмен орынды Тайландтықтар 9 сағат 24 минутпен алса, үздік үштікті Қатай 8 сағатпен қорытындылап отыр. Ал кітапқұмар отыз елдің арасында Қазақстан деген атау мүлде жоқ. Біздің елде де кітап оқытындар бар бірақ көп бөлігі, әсіресе жастар жағы автобиография мен естеліктерді сүйіп оқытынын байқауға болады. «Өткен жылдың ба-сты кітабы – Баян Есентаеваның «Обо мне и не только» автобиогра-фиясы болды. Жастардың көп бөлігі осындай туындыларға әуес. Ал әдеби кітаптардың жайы ақсап тұр.

Қазіргі таңда бір кітапты бір жыл оқып, он жыл сол кітапты оқығаны жайында айтып жүретін жандар да жетерлік. Сондай адамның бірі мен едім, алайда осы пікірімді мына бір дүние өзгертті. Жаһанның жетпіс екі тілін меңгеріп, жетпіс екі тілдік кітапты тауысып оқыған Әл- Фараби-ден бір кісі: «Осы әлемде сізден көп кітап оқыған жан жоқ болар, сірә» - деген сөзіне ұлы ғалым: « Мен әлі кітап нәріне тойғаным жоқ, әлемдік кітап біткеннің жартысының жарымын да тауыса алмадым» - деп жауап беріпті. Дәл осы өңгімені естігенімде осы күнге дейін оқыған он шақты кітабымды мақтана айтып жүргеніме шын ұялдым. Жетпіс екі тілдің кітабын тауысқан Әл-Фарабидің жанында бұлай мақтанғаным нағыз надандықтың көрінісі болыпты. Бірақ өз қатарластарымның ішінде бірде-бір кітап оқымаған, тіпті ынтасы жоқ адамдардың жанында менің оқыған он кітабын кішкентай болса да жетісік екендігім түсіндім. Алай-да бұл әлі тым аз жетістік. Егер жетістікке жетуді көздесең алдымен өткенге үңіліп, тарихты зерделеген дұрыс. Ал бұл дүниенің бастауы кітап екенін ұғындым. Иосиф Бродский «Егер бір адам кітап оқымаса, бұл оның өз қасіреті, ал егер миллиондаған адам кітап оқымаса бұл бүтіндей бір елдің қасіреті» деген сөзі бар. Осы қасіретті елімізден алыстату мақсатында барлығымыз кітап оқуды қолға алайық. Әлемді тек ұлттық болмыс пен ғана таң қалдыра аламыз. Ал ұлттық болмыс дегеніміз – кітап. Барлық даналықтың қайнар көзі - асыл мұра кітапта жатыр.

Ақбота ЕРГЕШБАЙ,
1-курс студенті.

ҚҰРМЕТТІ МАМАНДЫҚ ИЕСІ

Мен дәрігер мамандығына құрметпен қараймын. Себебі ақ халатты абзал жандардың себебімен бірінші байлық саналған денсаулығымызды сақтап, ауруларымыздан айығамыз. Мен кездестірген дәрігерлерден тәңімен бірге жаныңды да емдей алар ерекше бір жылудық сезінетінмін.

Анам медицина саласында істегендіктен, кішкентай кезден жалпы ауруханадағы атмосферамен спирттің исі, медициналық құрал-жабдықтардың сыңғыры, аппақ киім бәрі маған таныс.

Әйтеуір бір тазалықтың лебі есіп тұратын. Анам да тазалыққа баулып өсірді.

Дәрігер болсаң көп адамға пайданды тигізе аласың, ең бастысы өзге мамандық иелерімен салыстырғанда, пайдаңның тигенін үмітке толы жүздерден, қуанышқа толы көздерден көре аласың. Еңбегіңнің нәтижесі көз алдыңнан өтеді, біреуге пайдалы болғаныңды сезіну-сөзбен айтып жеткізе алмас сезім. Сол үшін де дәрігерлерге, тіпті болашақ дәрігер студент-терге де қызыға қараймын. Әсіресе оқу орнында аппақ

халаттағы жастар тобын көргенде, көзге оттай басыла-ды.

Медицина тарихы терең ұлы ғылымдардың бірі. Ис-лам дінінде ол парыз-кифия мамандықтардың қатарында екен. Яғни, бір ауылда кемінде бір дәрігер болмаса, бүкіл ауыл тұрғындарына күне жазылады. Осыған қарап-ақ оның қаншалықты маңызды екенін көруге болады.

Айдана ШӘРІП, 1-курс студенті

«АУЫРА ҚАЛСАҢЫЗ БІЛІКТІ ДӘРІГЕРГЕ КӨРІНІҢІЗ»

ДЕЙДІ ХИРУРГИЯЛЫҚ АУРУЛАР КАФЕДРАСЫНДА ПРОФЕССОРЫ, МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ХИРУРГ ШОРА СЕЙДИНОВ.



– Аға, қысқаша еңбек жолыңызбен таныстыра кетсеңіз?

– 1975 жылы Алматыдағы мединститутты бітірдім. Еңбек жолымды Шымкент қаласындағы ауруханада хирург болып бастадым. Ары қарай бөлім меңгерушісі, облыстық ауруханада бас дәрігердің орынбасары, 14 жылдай облыстық қан орталығының директоры қызметтерін атқардым. Докторлық қорғап, профессор атағын алған соң, университет қызметке шақырды. Міне биыл осында жұмыс істеп жүргеніме он екі жыл болды. Хирургиялық аурулар кафедрасында меңгеруші болдым. Қазіргі таңда зейнетке шыққалы кафедра профессорымын. Негізгі мамандығым балалар хирургі. Екі мамандықты қатар алып жүрген соң, операциялар да жасаймын.

– Қазір шынын айту керек, білікті дәрігерден гөрі біліксіз көбейіп барады. Жақсы маман болу университет қабырғасынан басталатыны да анық. Осыған не айтар едіңіз?

– Оның себебі көп. Қазір біз студенттерді тек теория жүзінде оқытамыз. Тәжірибе сабақтары өтілмейді десек те болады. Өйткені сағат бөлінбеген. Интернатта оқытады дейді. Дәрігерлік тәжірибеге адам өмір бойы үйренеді. Болашақ мамандарға бакалаврда оқып жүрген кезінен тәжірибелік сабақтар өтілуі тиіс. Сондықтан теория мен тәжірибе сабақтарын қатар алып жүргеніміз дұрыс болар еді. Хирургиялық аурулар клиникалық

пәндер болғандықтан теориясын ғана сұрамай, іс-тәжірибе жүзінде көрсетіп, жасатуымыз керек қой. Ал біздің оқу орнымызда бұл бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып тұр. Тәжірибе сабақтарына еліміздің басқа ЖОО-нда ақы төленеді де, бізде төленбейді. Практикалық сабақтарға ақы төленбейтін болған соң қысқартып тастады. Практиканы өткізгісі келгендері өзінше өте беруі керек дейді. Студенттерді қасымызда ертіп жүріп теориямен практиканы ұштастырмасақ олардан ертең қандай білікті маман шығады. Конфуцийдің айтқан сөзі бар «Оқысаң есіңнен шығып кетеді, көрсетсең есінде қалады, өзін жасасаң үйренесің» деген. Тікелей осы үшеуін игермесе маман болып шыға алмайды. Ал тәжірибе жинақтау университет қабырғасынан бастау алуы қажет. Осы жағынан біраз кемшіліктер болып тұр. Дәл қазіргі таңда он шақты студент қолдары бос уақытта ауруханада дәрігерлердің қасында жүреді. Осылардан болашақта білікті мамандар шығады. Ал студенттердің 50 пайызы оқуға деген ынтасы жоқ, иламен жүргені. Баланың үйренемін деген талпынысы болмаса ұстаздар қанша оқытқанымен нәтиже бермесі анық.

– Қазір ең көп жасалатын ота қандай және жылына қанша ота жасайсыз?

– Шамамен жалына 300-дей ота жасаймын. Жасына байланысты балаларды алсақ, ота көбіне жедел аппендицит отаның 40 пайызын, 20 пайызын жарықтар құрайды. Балалар хирургиясынан кеуде қуысына, денеге, құрсақ қуысына, ауызға, өкпеге оталар жасай береміз. Ересек адамдарда жедел аппендицит, өт жолының қабынуы жиі кездеседі.

– Халық еміне көзқарасыңыз қандай?

– Халық емін орынды жеріне тиімді пайдалануға болады. Кейбір емшілер бәрін емдеймін деп ақшаға қызығып айтып жібереді. Шамасы жететін-жетпейтіні бар. Мысалы аппендицитке халық емінің шамасы келмейді. Тек ота жасау керек. Өттегі тасты түсіру мүмкін емес, оны арнайы қышқылмен ерітуге болады. Ол тасты құрамына байланысты. Өт тастары мысқылдап келетін ауру. 5 жылда түзілсе кем дегенде 1 жыл ішіп, диета сақтау керек.

– Қазіргі уақытта жаңа туылған сәбилердің аяғына шина кигізу көбейіп кетті. Себебі неде?

– Осыдан 20 жыл бұрын ақсақ адамдар көп болатын. Қазір мүлдем жоқ деуге болады. Диагност дұрыс қойылса баланы бір жасқа дейін консервативті емдеуге болады. Уақытылы ауру анықталмай қалады немесе сау адамға жалған диагнозды қойып, емдеп жатады. Бұл өте дұрыс емес. Тиянақты қою керек. Мысалы, қаламыздағы перзентханада жылына 8000-8500 бала дүниеге келсе, соның ішінде бір-екеуінің жамбасы шығады. Ал біздерде

жүзін емдейді. Дәрігер патологияны жақсы білуі керек. Консервативті 100 пайыз емге келеді. Ал ота ондай нәтиже бермейді. Бір дәрігердің диагнозы бойынша емделудің алдын, басқа да білікті дәрігерлерден кеңес алған дұрыс болады.

– Ғылыми жұмыстармен шұғылдануға қаншалықты жағдай жасалған және өзіңіз қандай ғылыми жұмыстармен айналысудасыз?

– Қазір ғылыммен шұғылдануға мүмкіндік болмай тұр. Клиникада ғылыми жұмыс жүргізу үшін аурулар жеткілікті болуы керек. Жылына 2-3 ауру жиналатын болса, ол жеткіліксіз. Ал эксперименттік жұмыс істеу үшін лаборатория жоқ. Содан жоспарымыздағы, ойымыздағы бар нәрсені іске асыра алмай отырмыз. Ғылыми жұмысқа арналған қосымша жабдықтар: тігістік, таңғыш материалдар, наркоз бөлінбейді. Мысалы, наркоз сатылмайды. Оны өз ақшамызға да сатып ала алмаймыз. Университет тарапынан 50-60 мың теңге бөлінсе жетер еді. Дәл қазір мен өзімізде оқитын 3-курстың студентіне ота жасап шықтым. Сенсеңіз сол отаны жасауға керекті жіпті қалалық ауруханадан сұрап алып келдім. Жаңа оқу жылының басталғанына да бір айдан асты, әлі күнге дейін клиникада тіптен тігетін жіп те жоқ. Қаржы бөлінбеген. Адам тағдырына немқұрайлы қарауға болмайды.

– Бос уақытта немен айналысасыз?

– Футбол, баскетбол, вoleyбол, самболардан ардагерлер арасындағы спартакиадаға қатысып тұрамын. Самбодан Қазақстан ардагерлері арасында 2015-2017 жылдардағы жеңімпазы болдым. Күнде спортпен шұғылданамын. Ауруларды емдеу үшін дәрігердің өзінің дені сау болуы керек. 5-6 сағаттап ота жасайтын уақыттар болады. Сондықтан формада болу үшін күнделікті 4-5 шақырым жүгіремін. Аптасына 1-2 рет футбол ойнаймын. Күнделікті Ботаникалық бақта жүгіретін едік. Қазір жарық бермейді. Қараңғыда жүгіріп жүріп құлап қалған кездеріміз де болды. Халық дені сау болу үшін таңертең жүгіруі керек. Бұл әлеуметтік мәселе. Жарық жоқ болғандықтан қазір ол жерде жүгіруіміз қиындап қалды. Осы мәселені де басшылық ескеріп, жарықты қосса дұрыс болар еді.

– Оқырмандарға тілегіңіз?

– Спортпен шұғылданыңыздар. Тәні сауудың жаны сау деген. Ал егер ауыра қалсаңыз, тек білікті дәрігерге көрініңіздер.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан: Эльмира АРТЫҚБАЕВА

ТҮРКОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІККЕ ҚАДАМ БАСПАҚ

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Қазір бой жарыстырытатын заман емес, ой жарыстыратын заман» дейтін пікірі бүгінгі мақаламыздың маңызын айқындап тұрғандай. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті бүгінде қанатын кеңге жайып, әлемдік деңгейдегі университеттер қатарына ену жолында тоқтаусыз еңбек етуде.

Университетіміз білім мен ғылым саласында игілікті істердің атқарылуы үшін ғылыми институттардың жұмысы да ілгерілеуде. Соның бір айғағы – қазан айының алғашқы онкүндігінде Түркология ғылыми-зерттеу институты профессор Досай Кенжетаймен «Рухани жаңғыру бағдарламасы және діни кітаптарды аудару мәселесі» тақырыбындағы ғылыми семинар; тіл үйрету орталығының оқытушысы Махмұт Қайалтмен «Сөздіктің жасалуы» тақырыбында іс-шаралар өткізсе, жуырда Түркология ғылыми-зерттеу институты елімізде алғаш ашылған «Ulys» цифрлық журналының бас редакторы Ержан Қалымбаймен онлайн семинар ұйымдастырды.

Семинарда Digital форматтағы соңғы үлгідегі тәжірибелерге негізделіп жасалған журналдың қызметі, маңыздылығы мен қажеттілігі жайлы сөз болды. Жоба авторы әрі журналдың бас редакторы Ержан Қалымбай «Біз жақсы сапалы әрі терең танымдық дүниелерді, әлемде әсіресе медиа саласында болып жатқан ең соңғы жаңашылдықтарды халыққа жеткізуіміз керек деген ниетпен «Ulys» жобасын бастадық», - деді. Мұндай жоба басталса бүгінгі ақпаратты қажет ететін кезеңде қолжетімді, әрі сапалы дүниелерді жеткізуге мүмкіндік береді - деп түйіндеді. Ержан Қалымбайдың тағы бір ерекше тоқталғаны жан-жақты танымдық, тілдік, іскерлік қабілеті бар жастарды танытуды басшылыққа алған. Жастарды өз замандастары арасында үлгі етіп көрсетіп, сондай болуға жұмылдыру көзделген. Семинарға жиналғандар журналдың құрылымы мен мазмұны жөнінде журнал редакторына сауал жолдап, журналдың жаңашылдығымен танысты. Әрбір санында Қазақстан мен Түркі әлеміне қатысты сараптамалық

мақалалар мен сұхбаттар жарияланатынын хабардар болды.

Журналдың қызметі жөнінде семинарға қатысушылар арасында түбі бір түрік бауырымыз Ченгиз Аслан алдағы уақытта аталмыш журналдың аудиториясын кеңейтіп, оқырмандарды көптеп тарту үшін қандай жұмыстар жасап жатқаны туралы мәселе көтерсе, семинардың модераторы Жалғас Асхатұлы журналды өзге ұлтты көршілес елдердегі оқырмандардың назарына ұсыну үшін қандай жолдармен жұмыстар атқарылып жатқаны жөнінде ой қозғады.

Институт қызметкерлері сұхбат барысында «Ulys» журналының түркі халықтарына ортақ танымдық дүниелерді сондай-ақ, Түркі әлемі мен Орта Азия интеграциясы жайлы заманауи медиа-ақпарат арқылы әлемдік ақпараттық кеңістікке шығу жолына қанықты.

Семинар соңында Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры Әмер Күчүкмететоглу «Түркология» журналының да алдағы уақытта цифрлық журналдар қатарына енуі үшін институт пен «Ulys» цифрлық журналы арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту туралы жоспарымен бөлісті. Қазақтың заңғар жазушы М.Әуезов «Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек» - дейді, болашағын ертеңмен елестетер Түркология ғылыми-зерттеу институтының әлемдік деңгейде танылуы үшін алда атқарар шаруалары толастамақ емес.

Роза ЕСБАЛАЕВА,
Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫНА АРНАЛАДЫ

Жуырда «Орда» тарихи-танымдық клубының ұйымдастыруымен Түркістан қаласының Түркістан облысының орталығы болып бекітіліп, рухани астанамыздың дамуына жаңа серпінді беруіне орай «Түркістан қаласының тарихы» атты концерттік іс-шара болып өтті.

Сондай-ақ, «What? Where? When?» интеллектуалды іс-шарасы ұйымдастырылды. «Туған жерім жайлы сыр» және «Үлгі тұтар тарихи тұлғам» атты интеллектуалды ойындар ойнатылды.

«Орда» тарихи-танымдық клубының мақсаты - «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жастардың Отанға деген сүйіспеншілігін және патриоттық сезімді ояту; Жастардың Қазақстан тарихына қызығушылықтарын арттыру; Қазақстан және шетел студенттерімен бірлескен ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру; Қазақстан және түркі тілдес мемлекеттер студенттерімен ынтымақтастықты дамыту.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Еркін елде өскен ұрпақтың рухы ердайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады». Елбасымыз осы арқылы болашақ жастардың қолында екенін айтты. Сондықтан Елбасымыздың көреген саясаты арқылы жастардың патриоттық рухы мен туған жерге деген сүйіспеншілігін ояту мақсатында «Орда» тарихи-танымдық клубы белсенді студенттердің бастамасымен және «Мәдени мұра» және «Халық – тарих толқынында» бағдарламалары аясында 2016 жылы құрылды.

Құрылу күнінен бастап, клуб көптеген іс-шаралар мен тарихи орындарға экспедициялар ұйымдастырды. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Орда» тарихи-танымдық ең алғашқы экскурсияны 2016 жылдың қараша айында Отырар төбе мен Арыстан баб кесенесіне ұйымдастырды. Сонымен қатар, 2017 жылы Ғайып Ерөн Қырық Шілтен, Үкаша ата әулие жерлеріне және Сығанақ, Сауран, Сайрам секілді орта ғасырлық қалалар орындарына экскурсиялар ұйымдастырылды. 2018 жылы осы негізде Бәйдібек ауданындағы Бәйдібек би баба кесенесі, Аппақ Ишан мешіт-медресесі, Домалақ ана, Қос ана, Ақ мешіт секілді киелі де қастерлі жерлеріне экскурсиялар ұйымдастырылды.

Нұрболат МӘЛІК, 3-курс студенті,
«Орда» тарихи-танымдық клубының төрағасы



ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

YESEVI

Üniversitesi

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Uluslararası Avrasya Göç Sempozyumu

Ahmet Yesevi Üniversitesi ile İstanbul Medeniyet Üniversitesi işbirliğinde düzenlenen, Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu, TİKA ve Türk Dünyası Belediyeler Birliği'nin de destek verdiği "Uluslararası Avrasya Göç Sempozyumu" 10 Ekim 2018 Çarşamba günü Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesinde başladı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi ev sahipliğinde gerçekleşen etkinliğin açılış törenine, Türkistan Eyalet Valisi Prof. Dr. Cansayit Tüymebayev, YÖK Üyesi Mustafa Çiçekler, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, İstanbul Medeniyet Üniversitesi Rektörü İhsan Karaman, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar'ın yanı sıra çok sayıda akademisyen ve öğrenci katıldı.

Törende konuşan Türkistan Eyalet Valisi Prof. Dr. Cansayit Tüymebayev, Kazakistan'ın Yeni Eyalet'i Türkistan'da böyle bir organizasyonun gerçekleştirilmesinden duyduğu memnuniyeti dile getirerek, "Bugün burada Türk Dünyasının manevi başkenti olan kadim Türkistan'da göç konulu bir

Medeniyet Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. İhsan Karaman ise açış konuşmasında sempozyumun amacından bahsederek, tarihten günümüze 'göç' olgusunu bütün özellikleri ile inceleyeceklerini belirtti. Bir kelime ile 'göç' diye ifade edilen bu kavramın altında bir dünya yattığına işaret eden Rektör Karaman, 'dünya beşten büyüktür' sözleri ile bu sorunun evrensel bir sorun olduğunu ifade etti.

Öz vatandan ayrı kalmanın acısını, Milli Şairimiz Mehmet Akif Ersoy'un "Canı cananı bütün varımı alsın da Hüda, Etmesin tek vatanımdan beni dünyada cüda" dizeleri ile vurgulayan Rektör Karaman, göç kavramının, dünyada ciddi bir şekilde her geçen gün daha da artarak büyük bir küresel problem haline geldiğini belirtti.



